# Қазақстан кедейлікке қарсы

**Қазіргі кезеңде Қазақстанда әлеуметтік қызмет көрсетуді жаңғырту жүргізілуде. 2023 жылы әлеуметтік қолдаудың барлық жағдайлары қарастырылған әлеуметтік кодекс қабылданды. Жаңа құжатқа сәйкес, әлеуметтік қолдау тек төлемге ғана емес, сонымен бірге қиын жағдайға тап болған азаматтарға көмек көрсетудің алдын алуға да бағытталған.**

2022 жылы «**Отбасының цифрлық картасы**» жобасы іске қосылды. Бұл отбасыларға белсенді форматта көмек көрсетуді көздейтін және отбасыларға қолдау көрсетуге кепілдік беретін ақпараттық жүйе.

«**Халықтың табысын 2029 жылға дейін арттыру бағдарламасы**» кешенді жоспары бекітілді, оның шеңберінде экономиканың нақты секторында жұмыс орындарын құру, «**Ауыл аманаты**» жобасын іске асыру шеңберінде ауыл халқының табысын арттыру бағыттары бойынша іс-шаралар жоспарланған, сондай-ақ табыс деңгейін арттыруды қамтамасыз ететін жүйелі шаралар көзделген.

ECONOMIC RESEARCH INSTITUTE QAZAQSTAN